

*ЗАМАНАУИ ОҚЫТУ*

*ӘДІСТЕМЕЛЕРІНІҢ ЖЕТІ НЕГІЗГІ  
МОДУЛІ*

**Жаңабай Индира ЕШТ -41**

# 1 модуль

□ Оқытудағы жаңа тәсілдер;



# ОҚЫТУДАҒЫ ЖАҢА ТӘСІЛДЕР

## Сыныптағы диалогтің маңыздылығы

Выготскийдің оқытудағы сөздің, сөйлеудің негізгі рөлі туралы пікірі эмпириялық зерттеуде қолдау тапқан. Барнс (1971) сыныпта тіл қаншалықты қолданылса, оқушылардың білім алуына соншалықты әсер ететінін айтады. Барнс оқытудың мұғалімді селқос тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге

асатынын көрсетті. Кейінірек Мерсер және Ходжинсон (2008) зерттеулері Барнстың ертеректегі жұмысына негізделе құрылып, оқыту барысындағы диалог атқаратын негізгі рөлге назар аударуды мақсат етеді. Қазірдің өзінде сыныптағы оқушылардың бірлескен сұхбаты үлкен пайда келтіретіндігін көрсететін жеткілікті дәлелдер бар. Олар:

- оқушылардың тақырып бойынша өз ойларын білдіруіне мүмкіндік береді;
- басқа адамдарда түрлі идеялардың болатындығын оқушылардың түсінулеріне көмектеседі;
- оқушылардың өз идеяларын дәлелдеуіне көмектеседі;
- мұғалімдерге оқушыларды оқыту барысында олардың оқушылары қандай деңгейде екендігін түсінуге көмектеседі

## 2 модуль

□ Сыни тұрғыдан ойлау;



# Сыни тұрғыдан ойлаудың анықтамасы

- Сыни ойшылдың кейбір қасиеттері:



Мұғалім диалог жүргізудің ережелері туралы келісімге келіп, сыныпта диалогтік үлгі құруы керек, оқушылар бір-бірімен жаңа және ең тиімді тәсілді таба алатындай және мағына құрудың бірлескен тәсілдерімен әрекет ете отырып жұмыс жасауы керек. Ол үшін оқушылардың ерекшелігі мен қызығушылығын түсініп, олардың қарым-қатынастары мен эмоцияларына зейін аудару қажет.

Оқушылардың істегендері мен айтқандарын тыңдап, оларға жауап берген кезде мұғалімдер оқушыларға білім алуда тиімді қолдау көрсетуге мүмкіндігі бар

Сыни тұрғыдан ойлайтын мұғалімдер, Қазақстандағы кәсіби дамудың жаңа бағдарламасына сай, балалардың сыни тұрғыдан ойлауына қатысты жоғарыда айтылған үдерістер мен құрылымға негізделуі мүмкін.

Толықтыра айтқанда, балалардың сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін дамытуға байланысты, атап айтқанда: тыңдау мен зерттеу арқылы білім алу, мәнмәтінге көңіл бөліп, шешім қабылдау үшін тиісті өлшемдерді қолдана білу сияқты дағдылармен қоса, мұғалімдер тағы да мыналарды дамыту керек:

- білім беру бағдарламасы мен оқытуды түсінудің теориялық негіздері;
- қорытынды мен тұжырымдарды қалыптастырудың әдістері мен технологиялары.

# Сыни тұрғыдан ойлау

**Сыни тұрғыдан ойлау** – бақылаудың, тәжірибенің, ойлау мен талқылаудың нәтижесінде алынған ақпаратты ойлауға, бағалауға, талдауға және синтездеуге бағытталған пәндік шешім. Ол болашақта әрекет жасауға негіз бола алады. Сыни тұрғыдан ойлау көбінесе қарсы шығуға немесе баламалы шешімдерді қабылдауға, ойлау және іс-әрекетімізге жаңа немесе түрлендірілген тәсілдерді енгізуге дайын болуды, ұйымдастырылған қоғамдық әрекеттерге және басқа да сынилыққа баулуды білдіреді.

# Неге сыни тұрғыдан ойлау сонш алықты маңызды?

- Оқу, сөйлеу, жазу және тыңдау сияқты қарым-қатынас, оқу мен білім берудің басты элементтерінің негізін қалайды.
- Әлеуметтік өзгерістерде маңызды рөл атқарады.
- Бізге теріс ұғымдар мен соқыр нанымдарды ашуға көмектеседі.
- Жартылай шындық, теріс ұғымдар мен алдаудан бостандыққа жол ашатын құрал болып табылады.
- Айқын болып көрінуі мүмкін идеяларды біздің тексеруімізге және қайта тексеруімізге қарай бір көзқарасты өзгерту ниетін туғызады.
- *Мен білмеймін* деген екі негізгі сөзді айтуға тілек білдіріп, уақыт бөледі.
- Бізге факті мен пікір арасындағы айырмашылықты анықтауға, орынды сұрақ қоюға, толық қадағалау жасап, болжамдарды табуға және олардың терминдерін айқындауға және салмақты логикалық дәлелдер негізінде пайымдаулар жасауға мүмкіндік береді.



## 3 МОДУЛЬ

- Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау



- Бағалау – одан арғы білім алу туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин.



- Болашақ ұрпақты тәрбиелеу мен білім беруде сындарлы оқыту және бағалау маңызды болып отыр. Бағалау формативтік (қалыптастырушы) және жиынтық болып екіге бөлінеді. Бағалау – одан арғы білім туралы шешімді қабылдау мақсатымен оқытудың нәтижелерін жүйелі түрде жиынтықтауға бағытталған қызметті белгілеу үшін қолданылатын термин. Мұғалімдер мен оқушылар өздерінің қандай мақсатқа жететіндіктерінің өлшемдерін түсіну. Осыған байланысты бағдарлама критерийлі бағалау тәсілдерін қарастырады.



## 3 модуль



## 4 модуль

- Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.



# ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ - КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЛЫ ҚОЛДАНУ



- Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану 4 модуль Оқушыға бүкіл өміріне жеткілікті білім береді Оқушының іскерлікпен белсенді қатысуына ықпал етеді Әлеуметтік және жеке процеске ықпал етеді Оқыту үшін бағалау мен оқытуды бағалауды қолданады Мазмұндық оқытуды жүзеге асырады Оқытуды қолдайды Кәсіби дайындық деігейін жетілдіреді



## ОҚЫТУДА ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ

**Технологиялық білімдер** – оқытудың қосалқы құралдары (бейне, желілік материалдар, сандық бұқаралық ақпарат құралдары және т.б.) туралы білім. Бұл білімдер технологиялық құрылғылар саласындағы жеткілікті мағлұматтарды да, оларды басқару үшін қажетті дағдыларға ие болуды да меңзейді. Сандық технологиялар қатысында осы білімдер операциялық жүйелер және компьютерлік аппараттық құралдарды білуді, сондай-ақ мәтіндік процессорлар, электронды кестелер, браузерлер мен электронды пошта сияқты бағдарламалық құралдардың стандартты жиынтығын пайдалана алу қабілетін көздейді. Оның үстіне, ТБ құрамына перифериялық құрылғыларды орнату және алып тастауды, бағдарламалық жабдықтау жүйелерін, құжаттарды құру және мұрағаттауды, т.б. білу кіреді.

Қорыта келіп, жекелеген пәндерді оқытуға білім технологияларын интеграциялау мұғалімнің қарқынды дамуына, оқудың барлық үш аспектісін өзара байланыста белсенді қолдануына дайын болуын қажет ететіндігін және бұл *оқу мен оқыту үдерісін білікті түсіну көрсеткіші* болып табылатындығын баса айту керек.



## 5 МОДУЛЬ

- Талантты және дарынды балаларды оқыту.



- Талантты және дарынды балаларды оқыту Талантты немесе қабілетті үнемі айқындай отырып бастауыш мұғалімдердің мұғалімдері өздерін «дарынды бақылаушылар» ретінде көрсетуі тиіс. - есте сақтау және білім - өз білімін жетілдіру - ойлау қабілетінің жылдамдығы - мәселені шешу - икемділік - күрделілікке деген сүйіспеншілік - шоғырлану - ерте символдық белсенділік



## ТАЛАНТТЫ ЖӘНЕ ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫ ОҚЫТУ

Фриман (1998) тексеру парақтары мұғалімдерді шатастырып, дарынды, талантты балаларды анықтау барысында дұрыс бағыт бермейтіні жайындағы зерттеулерден мысал келтіреді. «Зерттеулерге негізделген және ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді тексеру парағында тиімді қолдану жолдары төменде көрсетілген». (Монтгомери, 1996; Фриман, 1991).

- **есте сақтау және білім:** олардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары; олар тек біліп қана

қоймай, сонымен қатар сол ақпаратты пайдалана алады.

- **өз білімін жетілдіру:** олар білім беру үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы

біліп, өзінің оқуын реттей алады.

- **ойлау қабілетінің жылдамдығы:** олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ

жоспардың жүзеге асуына тез қол жеткізеді.

- **мәселені шешу:** олар ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне

тезірек жетеді.

- **ікемділік:** басқаларға карағанда ойлау қабілеттерінің жақсы

## 6 модуль

- Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.





## 7 модуль

- Оқытудағы басқару және көшбасшылық.



- 7 модуль Оқытудағы басқару және көшбасшылық 7 кезеңнен тұрады 1-кезең. Құндылықтарды анықтау 2-кезең. Кәсіби міндеттерді анықтау 3-кезең. Дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер 4-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру 5-кезең. Атқарылатын жұмыстардың жоспарын құруға арналған келісім мен кеңестер 6-кезең. Зерттеуге негізделген көшбасшылықты дамыту бойынша жұмыс 7-кезең. Кәсіби білімдердің дамуына жәрдемдесуге ықпал ететін желілік қоғамдастықтағы жұмыс



## Блум таксономиясын қолдану

Кезең	Сабақ бөлімдерінің мақсаты	Мұғалім әрекеті	Оқушы әрекеті	Жұмыстың түрі	Нәтижесі	Бағалау формасы
Білім	Денсаулық және қоршаған орта туралы мағлұмат беру	Топқа бөліп, сұрақтар қою арқылы оқушыға ой салу	Берілген тапсырма бойынша мәселені шешуге әрекет жасау, қорғау	Топтық жұмыс	Біртасы оянады, ойын білгенін айтуға үйренеді	Топтық бағалау
Түсіну	Берілген тапсырманы өз сөзімен басқа формада жеткізе ату	Алғаш білімдерін іс жүзінде пайдалануға итермелеу	Топтастыру түрлері тапсырманы кластер бойынша орындау	Топтық жұмыс	Оқушының белсенділігі және қызығушылығын арттыру	Топтық бағалау
Қолдану	Рольдік ойынмен байланыстыру арқылы көрсету	Рольдік ойынды ұйымдастыру	Рольге еніп көрсету	Топтық жұмыс	Көшбасшылығын талаптылығын байқау, өз-өзіне сенімділігін көру	Топтық бағалау
Талдау	Пегізгі ойды анықтау, өзінің мақсатына жету бағытындағы жағдайларды көрсету	Проблема шешуге жетекші тапсырма арқылы жетелеу	Пікірін айтады, талқылайды	Жеке жұмыс	Проблеманы өз дәрежесінде шешеді, өзгені тыңдау білу дағдысы қалыптасады	Бірін-бірі бағалайды
Жинақтау	Қорытынды жасауға машықтандыру	Оқушылардың ойын жинақтап түйін типі әрекетін жасайды	Өз мүмкіндіктерін көрсетуге тырысады	Жеке жұмыс	Өз ойын еркін айтуға үйренеді, жүйелейді	Бірің-бірі бағалайды
Бағалау	Тақырыптың өмірде маңыздылығын, құндылығын айқындау	Оқушылардың іс-әрекеттерін қалағалау	Құндылығын айқындайды	Топтық жұмыс	Әр топ өз жұмысының нәтижесін көре біледі	Бірің-бірі бағалайды